

Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 902	▲ 0,64%	▲ 0,6%
NASDAQ	23 396	▲ 0,69%	▲ 0,7%
DJIA	48 977	▲ 1,23%	▲ 1,2%
CBOE Volatility Index (VIX)	15	▲ 2,69%	▲ 2,7%
Еуропа			
FTSE 100	10 005	▲ 0,54%	▲ 0,5%
DAX	2 104	▲ 1,28%	▲ 1,3%
Азия			
Hang Seng	26 347	▲ 0,03%	▲ 0,0%
Nikkei 225	52 166	▲ 3,63%	▲ 3,6%
Shanghai SE	4 023	▲ 1,38%	▲ 1,4%
Қазақстан			
KASE	7 126	▲ 1,35%	▲ 1,3%

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Дүйсенбі күні қор нарықтары өсіммен жабылды: S&P 500 индексі 0,64%-ға көтеріліп, \$6 902,05 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 0,69%-ға өсіп, \$23 395,82 болды; ал DJI 1,23%-ға қымбаттап, \$48 977,18 деңгейінде қалыптасты. S&P 500 индексіне кіретін 11 сектордың 9-ы сауда барысында оң динамика көрсетті. Өсім көшбасшылары Energy (+2,4%), Industrials (+1,4%) және Energy (+1,3%) секторлары болды. Ал Utilities (-1,3%) және Consumer Staples (-1,0%) секторларында төмендеу байқалды.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	10 807 085 367 103	▲ 0,8%	▲ 2,0%	▲ 19,5%
Consumer Discretionary	6 662 099 594 512	▲ 0,8%	▲ 2,8%	▲ 14,4%
Consumer Staples	3 185 665 061 218	▲ -1,0%	▲ -1,8%	▲ -9,3%
Energy	1 730 885 232 986	▲ 1,3%	▲ 0,4%	▲ 3,6%
Financials	8 813 800 840 417	▲ 2,4%	▲ 5,1%	▲ 13,6%
Industrials	4 783 931 618 180	▲ 1,4%	▲ 3,1%	▲ 15,5%
Information Technology	20 481 498 082 564	▲ 0,7%	▲ -1,2%	▲ 27,6%
Materials	1 117 486 760 398	▲ 0,9%	▲ 6,6%	▲ 13,2%
Real Estate	1 068 724 929 656	▲ 0,1%	▲ 1,3%	▲ -5,7%
Utilities	1 134 368 901 568	▲ -1,3%	▲ 0,7%	▲ 11,2%
Health Care	5 814 022 636 255	▲ 1,2%	▲ 3,1%	▲ 9,1%

Алдыңғы күні жандық қор нарықтары да өсім көрсетті, мұнай бағасы көтерілді, ал энергетика секторындағы акциялар негізгі драйверлердің біріне айналды. Инвесторлар АҚШ-тың әскери операциясына байланысты геосаяси тәуекелдерге негізінен сабырлы реакция танытты, оның барысында Венесуэла президенті Николас Мадуро ұсталған болатын.

Демалыс күндері Венесуэлада болған резонанс оқиғалар аясында АҚШ президенті Дональд Трамп елге уақытша америкалық бақылау енгізілетінін мәлімдеді. Ол Каракас мұнай саласын ашу мәселесінде АҚШ-пен ынтымақтастықтан бас тартқан жағдайда жаңа соққылар жасалуы мүмкін екенін де жоққа шығармады. Сонымен қатар Колумбия мен Мексикаға қатысты әскери әрекеттер туралы ескертулер айтылып, бұл аймақтағы геосаяси шиеленісті күшейтті.

Reuters агенттігінің жағдаймен таныс дереккөзге сілтеме жасап хабарлауынша, Дональд Трамп осы апта соңында америкалық ірі мұнай компанияларының басшыларымен кездесу өткізуді жоспарлап отыр. Кездесудің негізгі тақырыбы Венесуэлада мұнай өндіру көлемін арттыру мүмкіндігі болмақ, бұл жандық энергетикалық нарықтағы тепе-теңдікке әсер етуі ықтимал.

Осы жағдай аясында мұнай бағалары өсімін жалғастырды, себебі нарық қатысушылары венесуэлалық мұнай жеткізілімдерінің қысқару қаупін немесе, керісінше, олардың арту перспективаларын бағалады. Венесуэла әлемдегі ең ірі дәлелденген мұнай қорларына ие ел болып саналады, сондықтан оның мұнай саясатына қатысты кез келген өзгеріс нарыққа айтарлықтай ықпал етеді. Энергетикалық компаниялардың акциялары да нығайды: S&P 500 энергетикалық секторының индексі 2,7%-ға өсіп, 2025 жылғы наурыз айынан бергі ең жоғары деңгейге жетті. Өсімге негізгі үлесті Exxon Mobil мен Chevron сияқты саланың алпауыт компаниялары қосты, олардың акциялары айтарлықтай қымбаттады.

Сонымен қатар сарапшылар Венесуэладағы оқиғалардың мұнай бағасына ұзақ мерзімді әсері біржақты емес екенін атап өтеді. Бір жағынан, елде өндірістің тұрақтануы мен ұлағуы жандық ұсыныстың артуына алып келіп, нарықтағы қазіргі артық ұсынысты күшейтуі мүмкін. Осыған байланысты мұнай бағасы барреліне 50 доллар деңгейіне дейін немесе одан да төмен түсуі мүмкін деген болжамдар айтылуда. Екінші жағынан, қысқа мерзімді тәуекелдер мен белгісіздік факторлары бағаны қолдап отыр.



Нарықтарға ықпал еткен қосымша фактор ретінде АҚШ-тағы макроэкономикалық деректер аталды. Желтоқсан айында өндірістік сектор күтілгеннен де қатты қысқарғаны анықталып, бұл он ай қатарынан жалғасып келе жатқан құлдырауды ұзартта түсті. Енді инвесторлардың назары жұма күні жарияланатын ауыл шаруашылығынан тыс жұмыспен қамту деректеріне ауып отыр, себебі бұл көрсеткіштер 2026 жылы Federal Reserve System жүргізетін ақша-кредит саясатына қатысты құтулерге елеулі әсер етуі мүмкін.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	372	0%	35,9%
Банк ЦентрКредит	4 729	1%	106,3%
Kcell	3 382	0%	0,1%
Казатомпром	29 451	5%	44,0%
КазТрансОйл	965	2%	17,3%
КЕГОК	1 550	0%	1,9%
Касpi.kz	40 580	0%	-26,0%
КазМұнайГаз	21 919	1%	49,8%
Эйр Астана	896	-2%	-21,6%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	512,85	1,21%	1,2%
RUB/KZT	6,40	0,00%	0,0%
CNY/RUB	11,24	2,30%	2,3%
EUR/USD	1,1720	0,01%	0,0%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.